

Шиелі ауданының 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 24/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 06 қаңтарда N 10-9-99 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2011 жылғы 01 шілдедегі N 46/3 Шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2011.07.01 N 46/3 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы "Бюджет кодексіне", Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына және 7 бабының 1 тармағын басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат (кезекті XXIV сессиясы)

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет 1-қосымшаға сәйкес, оның ішінде 2010 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1 т а р м а қ т а :
- 1) кірістер 5 524 966 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер 932 739 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер 4 477 мың теңге;негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 22 666 мың теңге;
 - трансферттер түсімі 4 562 405 мың теңге;
 - 2) шығындар 5 554 596 мың теңге;
 - 3) таза бюджеттік кредиттеу - 151 826;
 - бюджеттік кредиттер - 151 826;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу - 0;
 - 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0;
 - қаржы активтерін сатып алу - 0;
 - мемлекеттік қаржы активтерін сатып алудан түсетін түсімдер - 0;
 - 5) бюджет тапшылығы (профициті) - -181 456;
 - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 181 456;
 - қарыздар түсімі - 181 456;
 - қарыздарды өтеу - 181 456;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 29 630.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2010.01.06 N 25/2 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.03.04 N 28/2 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.14 N 30/5 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.21 N 31/2 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.07.13 N 34/2 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.08.02 N 35/2 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.10.21 N 38/2 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі);

Ш е ш і м д е р і м е н .

2. Облыстық бюджетке берілетін нормативтер бойынша аудандық бюджетке түсетін әлеуметтік салықтан 10 пайызын бөлу бекітілсін.

3. Ауылдық жерлерде тұрып жұмыс істейтін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының қызметшілеріне отын алуға аудандық бюджеттен берілетін бір жолғы ақшалай төлемдер 4 500 теңге көлемінде бекітілсін.

4. Аудандық бюджеттен 1999 жылдың 26 шілдесінде "Отан", "Даңқ" ордендерімен марапатталған, "Халық қаһарманы" атағын және республиканың құрметті атақтарын алған азаматтарға қоғамдық көліктің барлық түрлерінде (таксиден басқа) жүру жеңілдіктері бойынша және тұрғын үй коммуналдық қызмет шығындары бойынша есептік айлық көрсеткіштің 1,9 көлемінде бөлінетін әлеуметтік көмек бекітілсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2010.07.13 N 34/2 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі)

Ш е ш і м і м е н .

5. Аудандық бюджетті атқару барысында "жалпы білім беру" және "ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсеттетін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру" бюджеттік бағдарламалары секвестрлеуге жатпайтындығы ескерілсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2010.03.04 N 28/2 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі)

Ш е ш і м і м е н .

6. Жергілікті атқарушы органның резерві 6 000 мың теңге көлемінде б е к і т і л с і н .

7. Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне отын алуға аудандық бюджеттен берілетін бір жолғы ақшалай төлемдер 4500 теңге к ө л е м і н д е б е к і т і л с і н .

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қызылорда облысы Шиелі аудандық

мәслихатының 2010.04.21 N 31/2 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Ш е ш і м е н .

8. 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджеттің даму бағдарламаларының тізімі 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

9. Осы шешім 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының сессия төрағасы Қ.Қасымов

Аудандық мәслихатының хатшысы С.Оразымбетов

2010 жылға арналған аудан бюджетіне түсіндірме жазба 1. Кірістер

2010 жылғы кірістер болжамы 4 136 091 мың теңге көлемінде анықталды. Жоғары тұрған бюджеттен бөлінген субвенция көлемі 3 033 085 мың теңге, ағымдағы нысаналы трансферттер 88 524 мың теңге, нысаналы даму трансферттер 171 166 мың теңге. Аудандық бюджеттің 2010 жылғы түсімдері (ресми трансферттерді есептемегенде) 843 316 мың теңге құрап, ол 2008 жылдың жоспарынан (жоспар 814 950 мың теңге) 28 366 мың теңгеге көбейіп отыр. Бұл сома 2009 жылдың жоспарынан 2010 жылдың көрсеткіштерінің ұлғаюы есебінен болып отыр, оның ішінде:

салықтық емес түсімдердің алдын ала болжамдалмайтын түрлері бойынша тұтыну индексінің өсуі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауына сәйкес әлеуметтік салық ставкасы төмендетіліп, әлеуметтік сақтандыру қорының ставкасы көбейтілді.

2. Шығыстар

2010 жылға арналған аудандық бюджеттің шығындарының жалпы көлемі 4 136 091 мың теңге болып жоспарлануда.

Шығындарды қалыптастыру барысында келесі факторлар ескерілді:

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес 2010 жылдың 1 қаңтарынан әлеуметтік салықтың ставкасы төмендетіліп, еңбекақы қоры 25 пайызға көбейтілді.

1) Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобы бойынша 241 840 мың теңге, оның ішінде: аудан мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге 14 104 мың теңге;

аудан әкімінің аппаратына 47 535 мың теңге, оның ішінде: аппараттың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге 47 260 мың теңге, мемлекеттік

органдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға 275 мың теңге.

кент, ауылдық округі әкімі аппараттарына 153 376 мың теңге, оның ішінде: мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға 720 мың теңге, аппараттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге 152 656 мың теңге, оның ішінде облыстық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен штаттан тыс 1 қызметкер ұстауға 549 мың теңге;

ауданның қаржы бөліміне 14 049 мың теңге, оның ішінде: аудандық және коммуналдық меншікті саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге 13 930 мың теңге, коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу

, сақтау, бағалау және сатуға 119 мың теңге;

экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне 12 776 мың теңге, оның ішінде: экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге 12 776 мың теңге.

2) Қ о р ғ а н ы с

"Қорғаныс" функционалдық тобы бойынша 1 931 мың теңге, оның ішінде: аудан әкімінің аппаратына жалпыға бірдей әскери қызметті атқару шеңберіндегі іс-шараларға 1 705 мың теңге,

аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюға 226 мың теңге.

2) Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік қызметі функционалдық тобы бойынша 1773 мың теңге, оның ішінде: тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне елді мекендерде жол жүру қозғалысын реттеу жөніндегі жабдықтар мен құралдарды пайдалануға 1 773 мың теңге.

3) Б і л і м б е р у

"Білім беру" функционалдық тобының шығыстары 3 272 492 мың теңге, оның ішінде: ауданның білім бөліміне мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз етуге 271 264 мың теңге, оның ішінде облыстық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттері есебінен жаңадан іске қосылатын балабақшаны ұстауға 17 257 мың теңге, мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты орналастыруға 25 629 мың теңге, жаңадан топтар ашуға 17 584 мың теңге ;

жалпы білім беруге 2 707 942 мың теңге, оның ішінде облыстық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттері есебінен жаңадан іске қосылатын мектепті ұстауға 3 122 мың теңге, мектеп жанынан шағын орталықтар ашуға 9 919 мың теңге ;

балалар мен жас жеткіншектерге қосымша білім беруге 77 378 мың теңге; жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру

жөніндегі қызметтерге 16 222 мың теңге, оның ішінде облыстық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферт есебінен штаттан тыс 1 қызметкер ұстауға 531 мың теңге;

ауданның мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізуге 14 000 мың теңге;

аудандық ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізуге 326 мың теңге;

өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымдағы жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттері есебінен 13 933 мың теңге.

Ауылдық округ әкімі аппараттарына ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыруға 261 мың теңге.

Ауданның құрылыс бөліміне облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансфертті есебінен N 206 мектептің құрылысына 171 166 мың теңге.

4) Денсаулық сақтау

"Денсаулық сақтау" функционалдық тобы бойынша ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыруға 60 мың теңге қаралды.

б) Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру

"Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық тобының шығындары 286 574 мың теңге, оның ішінде: ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне

еңбекпен қамту бағдарламасына 21 737 мың теңге;

қайтыс болған Совет одағы батырларын, "Халық қаһармандарын", Социалистік еңбек ерлерін, Даңқ Орденінің үш дәрежесімен және "Отан" ордендерімен марапатталған соғыс ардагерлері мен мүгедектерін жерлеу рәсімдері бойынша қызмет көрсетуге 54 мың теңге;

ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге 16 304 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке 18 000 мың теңге;

18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы 101 848 мың теңге;

тұрғын үй көмегіне 42 000 мың теңге;

жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек 9 954 мың теңге;

1999 жылдың 26 шілдесінде "Отан", "Даңқ" ордендерімен наградталған, "Халық қаһарманы" атағын және республиканың құрметті атақтарын алған азаматтарды әлеуметтік қолдауға 144 мың теңге;

мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсетуге 33 166 мың теңге;
үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз
ету 2 984 мың теңге;
мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді
арнайы гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және ымдау тілі
мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсетуге 14 739 мың теңге;
жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін
қамтамасыз етуге 23 160 мың теңге;
жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу және
жеткізу жөніндегі қызмет көрсетулерге төлем жүргізуге 2 484 мың теңге қаралды

7) Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық
"Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобы бойынша
57569 мың теңге, оның ішінде:
тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары бөліміне сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет
етуіне 1 500 мың теңге.

Кент, ауылдық округ әкімі аппаратының әкімшілік бағдарламасы бойынша,
елді мекендерде көшелерді жарықтандыруға 10 190 мың теңге;
елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге 6 111 мың теңге;
елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға 39 768 мың теңге.

8) Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік
"Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобы
бойынша шығындар 168 987 мың теңге, оның ішінде:
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі әкімшілік бағдарламасы бойынша
мәдени-демалыс жұмысын қолдауға 89 004 мың теңге;
аудандық кітапханалардың жұмыс істеуіне 49 768 мың теңге, оның ішінде 0,5
штаттық бірлік пен жұмыс атқарып жүрген 4 қызметкердің штатын 1 бірлікке
жеткізуге 1 154 мың теңге;
жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы
мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге 6 696 мың теңге;
дене шынықтыру және спорт бөлімі әкімшілік бағдарламасы бойынша,
жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік
саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге 7 117 мың теңге;
аудандық деңгейде спорттық жарыстар өткізуге 400 мың теңге;
облыстық спорт жарыстарына әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан құрама
командалардың мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт
жарыстарына қатысуына 2 900 мың теңге.
ішкі саясат бөлімі әкімшілік бағдарламасы бойынша,

газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге 4
0 0 0 м ы ң т е ң г е ;

жергілікті деңгейде аппарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыруда мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге 6 602 мың теңге; жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыруға 2 500 мың теңге.

9) Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы

"Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобы бойынша шығыстары 21 945 мың теңге, оның ішінде:

жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге 14 720 мың теңге;

ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыруға 723 мың теңге;

алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануардан алынатын өнімдер шикізаттың құнын иелеріне өтеуге 450 мың теңге;

аудан аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге 6 052 мың теңге.

10) Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі

"Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі" функционалдық тобы бойынша 29 081 мың теңге, оның ішінде:

құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге 7 286 мың теңге;

жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге 6 039 мың теңге;

ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлары схемаларын әзірлеуге 15 756 теңге.

11) Көлік және коммуникациялар

"Көлік және коммуникациялар" функционалдық тобы бойынша 26 000 мың теңге, аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 3 000 мың теңге, кент ішілік жолдардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге

2 3 0 0 0 м ы ң т е ң г е .

1 2) Б а с қ а л а р

"Басқалар" функционалдық тобының шығыстары 18 760 мың теңге, оның ішінде: ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 6 000 мың теңге;

тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге 6 793 мың теңге;

ауданның кәсіпкерлік бөліміне жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен

өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге 5 757 мың теңге; кәсіпкерлік қызметін қолдауға 210 мың теңге.

1 5) Т р а н с ф е р т т е р

"Трансферттер" функционалдық тобының шығыстары 9 079 мың теңге, оның ішінде: мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғары деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер 9 079 мың теңге.

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 24/3 шешіміне 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2010.12.15 N 40/2 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

2010 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
	Ішкі сыныбы			
1	2	3	4	5
			Атауы	
			1. Кірістер	5524752
1	0	0	Салықтық түсімдер	933440
1	1	0	Табыс салығы	430133
1	1	2	Жеке табыс салығы	430133
1	3	0	Әлеуметтік салық	307000
1	3	1	Әлеуметтік салық	307000
1	4	0	Меншікке салынатын салықтар	177006
1	4	1	Мүлікке салынатын салықтар	132099
1	4	3	Жер салығы	8340
1	4	4	Көлік құралдарына салынатын салық	35660
1	4	5	Бірыңғай жер салығы	907
1	5	0	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	15283
1	5	2	Акциздер	5107
1	5	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2610
1	5	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	6366
1	5	5	Ойын бизнесіне салық	1200

1	8	0	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4018
1	8	1	Мемлекеттік баж	4018
2	0	0	Салықтық емес түсімдер	12237
2	1	0	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	654
2	1	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	654
2	4	0	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	15
2	4	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	15
2	6	0	Басқа да салықтық емес түсімдер	11568
2	6	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	11568
3	0	0	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	14205
3	3	0	Жерді және материалдық емес активтерді сату	14205
3	3	1	Жерді сату	9166
3	3	2	Материалдық емес активтерді сату	5039
4	0	0	Трансферттердің түсімдері	4562191
4	2	0	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4562191
4	2	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4562191
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	2679
	1		Бюджеттік кредиттерді өтеу	2679
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	2679
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
		Атауы		
		2. Шығындар		5554382
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		295080

112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16276
	1	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15896
	4	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	380
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	69802
	1	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	52067
	4	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	17735
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	182475
	1	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	175130
	23	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	7345
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	14292
	1	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14292
	11	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	0
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	12235
	1	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12235
2		Қорғаныс	1318
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1318
	5	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1318
	6	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	0
3		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	7884

	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7884
	21	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	7884
4		Білім беру	3363351
	123	Қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент, аул (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппараты	196
	5	Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	196
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) білім бөлімі	3191889
	1	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15622
	3	Жалпы білім беру	2690356
	5	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	13450
	6	Балаларға қосымша білім беру	77696
	7	Аудандық (қалалық) ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	326
	9	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	304437
	11	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	87502
	13	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	2500
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) құрылыс бөлімі	171166
	37	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	171166
5		Денсаулық сақтау	48
	123	Қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент, аул (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	48

		2	Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	48
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	381687
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	381687
		1	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23341
		22	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	1150
		2	Еңбекпен қамту бағдарламасы	55955
		3	Қайтыс болған Совет одағы батырларын, "Халық қаһармандарын", Социалистік Еңбек ерлерін, Даңқ Орденінің үш дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған соғыс ардагерлері мен мүгедектерін жерлеу рәсімдері бойынша қызмет көрсету	50
		4	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	19755
		5	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	16963
		6	Тұрғын үй көмегі	18100
		7	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	34302
		9	1999 жылдың 26 шілдесінде "Отан", "Даңқ" ордендерімен марапатталған, "Халық қаһарманы" атағын және республиканың құрметті атақтарын алған азаматтарды әлеуметтік қолдау	162
		10	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	4332
		11	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу және жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2772
		14	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	34433
		16	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы	138312

	17	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	12039
	19	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз ету	2460
	20	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу	17561
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	782028
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, аул (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	44949
	8	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	31149
	9	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	163
	11	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	13637
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	30559
	16	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	5928
	18	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	24631
	12	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	0
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) құрылыс бөлімі	706520
	3	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	11868

	4	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	50000
	20	Тұрғын үй сатып алуға	2860
	5	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	2000
	6	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	639792
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	173307
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	147387
	1	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7423
	3	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	91896
	6	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	47568
	7	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	500
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	13778
	1	Жергілікті деңгейде аппарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6778
	2	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	4000
	3	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	2500
	5	Телерадиохабарлары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	500
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	12142
	1	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7042
	6	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1000
	7	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4100

10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	113752
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	33657
	19	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	33657
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	1699
	8	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	1699
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	26812
	1	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14304
	99	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	12508
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	44974
	1	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4818
	4	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	190
	6	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	1345
	8	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	730
	11	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	36271
	107	Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу	1620
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастар бөлімі	6610
	1	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5740

		8	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	870
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	32308
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	8174
		1	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8174
	468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	24134
		1	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5934
		3	Ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлары схемаларын әзірлеу	18200
12			Көлік және коммуникациялар	167976
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	87648
		13	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	87648
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	80328
		8	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді-мекендер көшелерін жөндеу және ұстау	76891
		23	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3437
13			Басқалар	18930
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	3300
		12	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	3300
		14	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	6013

		1	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5803
		3	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	210
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9617
		1	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	7676
		107	Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу	1941
15			Трансферттер	214134
	452		Аудандық қаржы бөлімі	214134
		6	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	5281
		20	Бюджет саласындағы еңбекақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	199774
		24	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	9079
16			<i>Қарыздарды өтеу</i>	2679
	452		Аудандық қаржы бөлімі	2679
		8	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	2679
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	151826
			Бюджеттік кредиттер	151826
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	120176
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	120176
		8		120176

			Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	31650
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қала) құрылыс бөлімі	31650
		19	Тұрғын үй салу	31650
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
5			Қаржы активтерін сатып алу	0
6			Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-181276
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	181456
7			Қарыздар түсімі	151826
	2		Қарыз алу келісім-шарттары	151826
		3	Ауданның жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	151826
			Қарыздарды өтеу	0
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	29630
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	29630
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	29630
	2		Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0
		1	Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0

2011 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			1. Кірістер	4748968
1	0	0	Салықтық түсімдер	829108
1	1	0	Табыс салығы	341776
1	1	2	Жеке табыс салығы	341776
1	3	0	Әлеуметтік салық	307000
1	3	1	Әлеуметтік салық	307000
1	4	0	Меншікке салынатын салықтар	161315

1	4	1	Мүлікке салынатын салықтар	126468
1	4	3	Жер салығы	6240
1	4	4	Көлік құралдарына салынатын салық	27700
1	4	5	Бірыңғай жер салығы	907
1	5	0	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	15943
1	5	2	Акциздер	4507
1	5	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3610
1	5	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	6826
1	5	5	Құмар ойын бизнеске салық	1000
1	8	0	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3074
1	8	1	Мемлекеттік баж	3074
2	0	0	Салықтық емес түсімдер	4108
2	1	0	Мемлекет меншігінен түсетін кірістер	1308
2	1	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1308
2	6	0	Басқа да салықтық емес түсімдер	2800
2	6	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2800
3	0	0	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	10100
3	3	0	Жерді және материалдық емес активтерді сату	10100
3	3	1	Жерді сату	5100
3	3	2	Материалдық емес активтерді сату	5000
4	0	0	Трансферттер түсімі	3905652
4	2	0	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3905652
4	2	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3905652
Функционалдық топ				
